

**ШЕРХАН МҰРТАЗА АТЫНДАҒЫ ХАЛЫҚАРАЛЫҚ  
ТАРАЗ УНИВЕРСИТЕТІ**

**«БЕКІТЕМІН»**

Шерхан Мұртаза атындағы

Халықаралық Тараз

университетінің ректоры,

и.т.д., профессор

М. Сарыбеков



09 2025 ж.

**ITU**

SHERKHAN MURTAZA

**UNIVERSITY**

**ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАРЫ ЖӨНІНДЕГІ НҰСҚАУЛЫҚ**


**СМЖЕ 3-2-5-2023**

Қызмет бабында пайдаланылатын басылым

Тараз 2025 ж.


### АЛҒЫ СӨЗ

1. ӨЗІРЛЕНДІ ЖӘНЕ ЕНГІЗІЛДІ:  
ӨЗІРЛЕГЕНДЕР: – Академиялық саясат басқармасымен  
– Академиялық саясат басқармасының басшысы  
А.Н.Нарёнова
2. КЕЛІСІЛДІ: – Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор  
А.С. Кадырова
3. УНИВЕРСИТЕТ РЕКТОРЫНЫҢ 05.09.2025.Ж. №01/001 ӨКІМІМЕН БЕКІТІЛДІ  
ЖӘНЕ ІСКЕ ЕҢГІЗІЛДІ.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

## МАЗМҰНЫ

№		беті
1	Қолдану саласы.....	4
2	Нормативтік сілтемелер.....	4
3	Анықтамалар мен қысқартулар.....	4
4	Жалпы ережелер.....	6
5	Элективті пәндер каталогының, жеке оқу жоспарының, оқу жұмыс жоспарының нысандары.....	8
6	Оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу тәртібі.....	11
7	Оқу нәтижелеріне бағдарлана отырып жоғары білім беру мазмұны қойылатын талаптар.....	13
8	Студенттердің оқу жүктемесінің ең жоғары көлеміне қойылатын талаптар	24
9	Оқу жұмыс жоспарының құрылымы.....	26
10	Оқу жұмыс жоспарын әзірлеу және бекіту процедурасы.....	26
11	Келісу парағы.....	9
12	Танысу парағы.....	10
13	Өзгерістерді енгізу парағы.....	11

 ШЕРХАН МҰРТАЗА UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

## 1. ҚОЛДАНУ САЛАСЫ

Осы нұсқаулық білім беру бағдарламаларының жұмыс оқу жоспарларын әзірлеудің негізгі қағидаттары мен құрылымын айқындайды.

## 2. НОРМАТИВТІК СІЛТЕМЕЛЕР

Осы нұсқаулық келесі нормативтік құжаттарды ескере отырып әзірленді:

2.1. Қазақстан Республикасының 2007 жылғы 27 шілдедегі № 319-III «Білім туралы» Заңы;

2.2. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2011 жылғы 20 сәуірдегі № 152 бұйрығы «Оқытудың кредиттік технологиясы бойынша оқу процесін ұйымдастыру қағидаларын бекіту туралы»;

2.3. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министрінің 2018 жылғы 30 қазандағы № 595 бұйрығы «Жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымдарының қызметінің үлгілік қағидаларын бекіту туралы»;

2.4. Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2022 жылғы 20 шілдедегі № 2 бұйрығы «Жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандарттарын бекіту туралы».

## 3. АНЫҚТАМАЛАР МЕН ҚЫСҚАРТУЛАР

**Академиялық кредит** - білім алушының және (немесе) оқытушының (педагогтің) білім беру бағдарламасының оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажетті ғылыми және (немесе) оқу жұмысының көлемін өлшеудің біріздендірілген бірлігі;

**Бакалавриат** – тиісті мамандық бойынша "бакалавр" дәрежесін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім, білім беру бағдарламалары;

**Жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК)** – білім беру бағдарламасын меңгеру үшін ЖЖОКБҰ айқындайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең төменгі көлемінің тізбесі;


**Жоғары арнаулы білім (специалитет)** – кемінде 300 академиялық кредит міндетті түрде меңгерілетін тиісті білім беру бағдарламасы бойынша маманның біліктілігін бере отырып, кадрлар даярлауға бағытталған жоғары білім деңгейі;

**Дескрипторлар (descriptors (дэскрипторс))** – білім алушылардың жоғары және жоғары оқу орнынан кейінгі білімнің құзыреттіліктерде және академиялық кредиттерде қалыптасқан оқыту нәтижелеріне негізделетін тиісті деңгейінің (сатысының) білім беру бағдарламасын оқып аяқтауы бойынша алған білім, іскерлік, дағды және құзыреттілік деңгейі мен көлемінің сипаттамасы;

**Дипломдық жұмыс** – білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес студенттің өзекті проблеманы өз бетінше зерделеу нәтижелерін жинақтауды білдіретін бітіру жұмысы;

**Дипломдық жоба** – жобалау элементтерін қолдана отырып және (немесе) бизнес-жобаларды, модельдерді, сондай-ақ шығармашылық сипаттағы жобаларды дайындау түрінде орындалған білім беру бағдарламасының бейініне сәйкес келетін қолданбалы міндеттерді дербес шешуді білдіретін студенттің бітіру жұмысы;

**Қосымша білім беру бағдарламасы (Minor) (минор)** - қосымша құзыреттерді қалыптастыру мақсатында оқу үшін білім алушы анықтаған пәндердің және (немесе) модульдердің және оқу жұмысының басқа түрлерінің жиынтығы;

 SHEKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

**Оқу пәніне жазу (Enrollment)** - білім алушыларды оқу пәндеріне тіркеу рәсімі;

**Жеке оқу жоспары** - білім беру бағдарламасы мен элективті пәндер каталогы және (немесе) модульдер негізінде эдвайзердің көмегімен білім алушы әр оқу жылына дербес қалыптастыратын оқу жоспары;

**Білім алушыларды қорытынды аттестаттау** - білім алушылардың тиісті білім беру деңгейінің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартында көзделген оқу пәндерінің көлемін меңгеру дәрежесін айқындау мақсатында жүргізілетін рәсім;

**Құзыреттілік** – оқу процесінде алған білімді, шеберлік пен дағдыны кәсіби қызметте практикалық тұрғыда пайдалана білу қабілеті;

**Таңдау компоненті** – ЖЖОКБҰ ұсынатын, пререквизиттері мен постреквизиттерін ескере отырып, кез келген академиялық кезеңде студенттердің өздері таңдайтын оқу пәндерінің және академиялық кредиттердің тиісті ең аз көлемінің тізбесі;

**Магистрлік диссертация** – ғылыми-педагогикалық магистратура магистрантының бітіру жұмысы, ол таңдалған білім беру бағдарламасы саласындағы өзекті мәселені зерттеуге арналған, заманауи теориялық, әдістемелік және технологиялық жетістіктерге негізделген, теориялық және (немесе) практикалық тұжырымдары бар дербес ғылыми зерттеу болып табылады.

**Магистрлік жоба** – бейіндік магистратура магистрантының бітіру жұмысы, ол таңдалған білім беру бағдарламасы бойынша өзекті мәселені шешуге мүмкіндік беретін теориялық және (немесе) эксперименттік нәтижелері бар қолданбалы зерттеу болып табылады.

**Магистр** – магистратураның білім беру бағдарламаларын меңгерген тұлғаларға берілетін академиялық дәреже.

**Магистрант** – магистратурада білім алатын тұлға.

**Магистратура** – жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру деңгейі, оның білім беру бағдарламалары кемінде 60-120 академиялық кредитті міндетті түрде меңгеруді көздей отырып, тиісті білім беру бағдарламасы бойынша «магистр» дәрежесі бар кадрларды даярлауға бағытталған.

**Микробіліктілік** – жекелеген еңбек функцияларын орындауға мүмкіндік беретін, қысқа оқу кезеңі аяқталғаннан кейін алынған білім, дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;

**Модуль** - дербес, білім беру бағдарламасының құрылымдық элементін оқыту нәтижелері тұрғысынан аяқталған, айқын қалыптасқан, білім алушылар меңгеретін білім, іскерліктер, дағдылар, құзыреттер және бағалаудың барабар критерийлері;

**Модульдік білім беру бағдарламасы** - білім алушылардың қандай да бір дәреже және/немесе біліктілік алуы үшін қажетті негізгі құзыреттіліктерді меңгеруіне бағытталған оқу модульдерінің жиынтығын қамтитын оқыту бағдарламасы;»;


**Модульдік оқыту** - білім беру бағдарламасының модульдік құрылымы, оқу жоспары және оқу пәндері негізінде оқу процесін ұйымдастыру тәсілі;

**Нано-кредит** – дербес және аяқталған сипаттағы оқу материалының шағын көлемінің біріздендірілген өлшем бірлігі;

**Кеңейтілетін дәрежелер (Stackable degree (стакэбл дегри))** – әртүрлі салалардан немесе кәсіби қызметтің салаларынан формальды және формальды емес білім арқылы алынған дағдылар мен құзыреттер жиынтығы;

**Міндетті компонент** – МЖМС-да белгіленген және білім беру бағдарламасы бойынша студенттер міндетті түрде оқытын оқу пәндерінің және тиісті академиялық кредиттердің ең төменгі көлемінің тізбесі;

**Негізгі білім беру бағдарламасы (Major) (мажор)** - негізгі құзыреттерді қалыптастыру мақсатында білім алушы анықтаған білім беру бағдарламасы;

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

**Постреквизиттер (Postrequisite) (постреквизит)** - зерделеу үшін қажет етілетін білімдер, іскерліктер, дағдылар және осы пәнді зерделеу аяқталған соң игерілетін құзыреттер қажет етілетін пәндер (модулдер) және оқу жұмысының басқа түрлері;

**Пререквизиттер (Prerequisite) (пререквизит)** - пәндер және (немесе) модульдер және зерделенетін пәнді игеруге қажетті білімнен, іскерліктен, дағдылар мен құзыреттерден тұратын оқу жұмысының басқа түрлері;

**Оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ)** – білім беру бағдарламасы және студенттердің жеке оқу жоспарлары негізінде ЖЖОКБҰ дербес әзірлейтін оқу құжаты;

**Білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - БӨЖ)** - өз бетінше оқуға берілген, оқу-әдістемелік әдебиеттермен және ұсынымдармен қамтамасыз етілген, тест, бақылау жұмыстары, коллоквиумдар, рефераттар, шығармалар мен есеп берулер түрінде бақыланатын, оқу нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған тақырыптардың белгілі бір тізбесі бойынша жасалатын жұмыс; білім алушының санатына қарай ол студенттің өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - СӨЖ), магистранттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - МӨЖ) және докторанттың өзіндік жұмыстары (бұдан әрі - ДӨЖ) болып бөлінеді; БӨЖ-нің бүкіл көлемі білім алушыдан күнделікті өзіндік жұмыс атқаруды талап ететін тапсырмалармен расталады;

**Оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОБӨЖ)** - жеке кесте бойынша оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін білім алушының жұмысы білім алушының санатына қарай ол: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОСӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін магистранттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОМӨЖ) және оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін докторанттың өзіндік жұмысы (бұдан әрі - ОДӨЖ) болып бөлінеді;

**Элективті пәндер** - жоғары оқу орны компонентіне және белгіленген академиялық кредиттер шеңберінде таңдау компонентіне кіретін және білім беру ұйымы енгізетін, білім алушылардың жеке дайындығын көрсететін, нақты өңірдің әлеуметтік-экономикалық даму ерекшеліктері мен қажеттіліктерін ескеретін оқу пәндері, қалыптасқан ғылыми мектептер;

Жұмыс оқу жоспарында міндетті компонент, жоғары оқу орнының компоненті және таңдау компоненті бойынша барлық оқу пәндерінің тізімі, әр оқу пәнінің кредиттердегі еңбек сыйымдылығы, олардың оқу тәртібі, оқу сабақтарының түрлері мен бақылау формалары анықталады.

Нұсқаулықта мынадай қысқартулар қолданылады:

ЖБП – жалпы білім беретін пәндер циклі;

БП – базалық пәндер циклі;

БеП – бейіндеуші пәндер циклі;

ЖК – Жоғары оқу орны компоненті;


ТК – таңдау компоненті

СӨЖ – студенттің өзіндік жұмыстары;

ОСӨЖ – оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін студенттің өзіндік жұмысы.

#### 4. ЖАЛПЫ ЕРЕЖЕЛЕР

4.1. Осы нұсқаулық жоғары білімнің білім беру бағдарламалары мен даярлау бағыттары бойынша оқу жұмыс жоспарларын әзірлеу, ресімдеу, бекіту және жариялау тәртібін айқындайды.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.2. Оқу жұмыс жоспары білім беру бағдарламасының оқу-әдістемелік кешенінің құрамдас бөлігі болып табылады.

4.3. Оқу жұмыс жоспары қазақ және орыс тілдерінде жасалады.

4.4. Білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарын тиісті кафедра әзірлейді.

4.5. Оқу жұмыс жоспары екі түрде әзірленеді:

- жеке оқу жоспарлары (бұдан әрі – ЖОЖ);

- оқу жұмыс жоспары (бұдан әрі – ОЖЖ).

4.6. Әрбір білім беру бағдарламасы бойынша білім беру ұйымы элективті пәндер каталогын (бұдан әрі – ЭПК) әзірлейді.

4.7. ЭПК білім алушыларға жеке білім траекториясын қалыптастыру үшін элективті оқу пәндерін баламалы түрде таңдауға мүмкіндік береді.

4.8. Білім беру бағдарламасы мен ЭПК негізінде білім алушылар эдвайзерлердің көмегімен ЖОЖ әзірлейді.

4.9. Білім алушы жеке оқу жоспарын құруға және білім беру бағдарламасының оқу жұмыс жоспарының талаптарына сәйкес оқу курсына толық меңгеруге жауапты.

4.10. Жеке оқу жоспарын жоспарлау оқу жылына эдвайзерлердің жетекшілігімен жүзеге асырылады. Эдвайзерлердің тізімі факультет деканының бұйрығымен бекітіледі және Тіркеу офисына ұсынылады. Магистранттардың жеке оқу жоспарын жоспарлау ғылыми жетекшілердің (консультанттардың) қатысуымен жүргізіледі.

Магистранттың жеке жұмыс жоспары бүкіл оқу кезеңіне құрылады және келесі бөлімдерді қамтиды:

- ЖОЖ (қажет болған жағдайда жыл сайын нақтыланады);

- ғылыми-зерттеу (эксперименттік-зерттеу) жұмысы (тақырыбы, зерттеу бағыты, мерзімдері және есеп беру формасы);

- практика (бағдарлама, база, мерзімдері және есеп беру формасы);

- магистрлік диссертация (магистрлік жоба) тақырыбы, оның негіздемесі және құрылымы;

- магистрлік диссертацияны (магистрлік жобаны) орындау жоспары;

- ғылыми жарияланымдар мен тағылымдамалардың жоспары.

4.11. Пәндер туралы ақпарат, оның ішінде олардың қысқаша сипаттамасы пәндер каталогында қамтылады және білім алушыларға түлектер даярлайтын кафедралар мен эдвайзерлер арқылы жеткізіледі.


4.12. Пәндерді таңдау олардың оқытылу ретін міндетті түрде ескере отырып жүзеге асырылады. Егер алдыңғы семестрде қажетті пререквизиттерді меңгермеген болса, білім алушы пәнге тіркеле алмайды.

4.13. Түлектер даярлайтын кафедра меңгерушісі мен эдвайзерлер академиялық қарызы бар білім алушыларды пререквизиттер принципін сақтау мақсатында оны жою мүмкіндіктері туралы уақтылы хабардар етуге жауапты.

4.14. Қалыптастырылған жеке оқу жоспары (ЖОЖ) үш данада басып шығарылады, білім алушының қолы қойылады және эдвайзерге келісу үшін беріледі.

4.15. Егер эдвайзерде ескертулер болмаса, ол ЖОЖ-ға қол қойып, оны Тіркеу офисінде келіседі. Факультет деканы бекіткеннен кейін: бір данасы білім алушыда қалады; екінші данасы эдвайзер арқылы Тіркеу кеңсесіне тапсырылады (аттестаттау процесінде пайдалану үшін); үшінші данасы деканатта сақталады.

4.16. Білім алушы оқу жоспарын жұмыс оқу жоспары аясында теориялық оқыту басталғанға дейін, Академиялық күнтізбеде көрсетілген тіркеу кезеңінде немесе Бейімдеу апталығы барысында өзгертуге құқылы.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

4.17. ЖОЖ әр білім алушының жеке білім беру траекториясын анықтайды. ЖОЖ-ға міндетті компонент (МК), жоғары оқу орны компоненті (ЖК) және таңдау компоненті (ТК) бойынша пәндер мен оқу қызметінің түрлері (практика, қорытынды аттестаттау түрлері) енгізіледі.

4.18. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында қысқартылған оқу мерзімімен білім беру бағдарламалары бойынша білім алушылар:

- алдыңғы білім деңгейінде меңгерілген оқу нәтижелері мен игерілген пререквизиттерді ескере отырып, жеке оқу жоспарын жасайды, олар университет тарапынан міндетті түрде қайта есептеліп, транскриптке енгізілуі мүмкін;

- жеке оқу мерзімдері мен білім беру бағдарламасының көлемін қолданыстағы білім беру бағдарламасына сәйкес университетпен дербес анықтайды.

## 5. ЭЛЕКТИВТІ ПӘНДЕР КАТАЛОГЫНЫҢ, ЖЕКЕ ОҚУ ЖОСПАРЫНЫҢ, ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ НЫСАНДАРЫ


5.1 «Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық Тараз университетінде» (Шерхан Мұртаза атындағы ХТУ) төмендегі нысандар бекітілді:

### Элективті пәндер каталогы (ЭПК)

(Қосымша №1)

#### Элективті пәндер каталогының құрылымы

№	академиялық кредит бойынша	Пән тізімі
1	2	3
<b>Базалық пәндер циклі бойынша - кредит</b>		
1	2	3
1 ТК		<b>1. Пәннің аталуы:</b> <b>Пәннің мақсаты және міндеті:</b> <b>Білуі тиіс:</b> <b>Біліктілігі болуы тиіс:</b> <b>Дағдыларды меңгеруі тиіс:</b> <b>Құзыретті болуы тиіс:</b> <b>Пәннің қысқаша мазмұны:</b> <b>Пәннің қысқаша сипаттамасы:</b> <b>Пререквизиттер/Пререквизиты:</b> <b>Постреквизиттер/Постреквизиты:</b>
		2. ...
2 ТК		1. ...
		2. ...
...		1. ...
		2. ...
<b>Цикл бойынша барлығы:</b>		
<b>Бейіндеуші пәндер циклі бойынша - кредит</b>		
1	2	3
1 ТК/КВ		<b>1. Пәннің аталуы:</b> <b>Пәннің мақсаты және міндеті:</b> <b>Білуі тиіс:</b> <b>Біліктілігі болуы тиіс:</b>

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

		<i>Дағдыларды меңгеруі тиіс:</i> <i>Құзыретті болуы тиіс:</i> Пәннің қысқаша мазмұны: Пәннің қысқаша сипаттамасы: Пререквизиттер/Пререквизиты: Постреквизиттер/Постреквизиты: 2. ...
2 ТК		1. ... 2. ...
...		1. ... 2. ...
<i>Цикл бойынша барлығы:</i>		
<i>Жоспар бойынша барлығы</i>		

### Жеке оқу жоспары (ЖОЖ)

(Қосымша №2)

Международный Таразский университет  
имени Шерхана Муртазы

Шерхан Мұртаза атындағы Халықаралық  
Тараз университеті


Бекітемін  
Факультет деканы  
Педагогика  
Нурбеков Талгат

(қолы)  
" " \_\_\_\_\_ 20\_\_ ж  
(мөр)


#### Жеке оқу жоспары

Білім алушы Тұрысбек Асылай Қуатбекқызы  
 Тегі Аты Әкесінің аты  
 Академиялық дәрежесі Бакалавр  
 Транскриптің номері  
 Білім беру бағдарламаларының тобы Тіл және әдебиет бойынша мұғалімдерді дайындау (B018)  
 Білім беру бағдарламасы тобының атауы (шифр)  
 Білім беру бағдарламасы Шетел тілі: екі шетел тілі (6B01702)  
 Білім беру бағдарламасының атауы  
 Дипломдық жұмыстың тақырыбы []  
 Оқыту түрі күндізгі (4жыл), 4 ж.  
 Атауы, оқу жылдарының саны  
 Курс 1  
 Оқыту тілі қазақ  
 2024 - 2025 оқу жылы

№	МК/ЖК/ТК/ҚПТ/ООП	Пән коды	Атау	Кредиттер саны	Сабак түрі	Оқытушы	Сағаттар	Бақылау формасы	Баға
<b>1 Оқу курсы 2024-2025 оқу жылы</b>									
<b>1 Академиялық кезең</b>									
1	МК	SHTE 1100	Шетел тілі (екінші)	5	Практика, Семинарлар	Оба Эмин, Чо Донггюн, Керімбай А.	45	Емтихан	
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Оба Эмин, Чо Донггюн, Керімбай А.	15		
2	МК	DSH 1100	Дене шынықтыру	2	Практика,	Жапаров Нуркат	60	Емтихан	

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті			СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық			СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

					Семинарлар	Жапарұлы			
3	МК	K(O)T 1104	Қазақ (орыс) тілі	5	Практика, Семинарлар	Стамкулова Баян Шаймерденқызы	45	Емтихан	
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Стамкулова Баян Шаймерденқызы	15		
4	МК	Psi 1109	Психология	2	Дәріс	Абаева Арай Кадирхановна	7	Емтихан	
					Практика, Семинарлар	Абаева Арай Кадирхановна	8		
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Абаева Арай Кадирхановна	8		
5	ЖК	BNSHTAD 1200	Базалық негізгі шет тілі (A1 деңгей)	6	Практика, Семинарлар	Амирова Ляззат Далихановна	60	Емтихан	
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Амирова Ляззат Далихановна	15		
6	ТК	PF 3307	Практикалық фонетика	5	Практика, Семинарлар	Джакипова Айзат Расильевна	45	Емтихан	
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Джакипова Айзат Расильевна	15		
7	ТК	PG 3206	Практикалық грамматика	5	Дәріс	Амирова Ляззат Далихановна	45	Емтихан	
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Амирова Ляззат Далихановна	15		
Кредиттердің жалпы саны				30					
<b>2 Академиялық кезең</b>									
8	МК	DSH 1100	Дене шынықтыру	2	Практика, Семинарлар	Жапаров Нуркат Жапарұлы	60	Емтихан	
9	МК	SHTE 1100	Шетел тілі (екінші)	5	Практика, Семинарлар	Оба Эмин, Чо Донггюн, Керімбай А.	45	Емтихан	
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Оба Эмин, Чо Донггюн, Керімбай А.	15		
10	МК	K(R)Ya 1104 II	Қазақ (орыс) тілі	5	Практика, Семинарлар	Стамкулова Баян Шаймерденқызы	45	Емтихан	
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Стамкулова Баян Шаймерденқызы	15		
11	МК	AKTAT 1100	Ақпараттық- коммуникациялық технологиялар (ағылшын тілінде)	5	Дәріс	Онгарбаева Марал Буркитбаевна	15	Емтихан	
					Практика, Семинарлар	Онгарбаева Марал Буркитбаевна	15		
					Лабораториялық жұмыстар	Онгарбаева Марал Буркитбаевна	15		
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Онгарбаева Марал Буркитбаевна	15		
12	МК	KT 1101	Қазақстан тарихы	5	Дәріс	Абдуалы Асқар Бегдылұлы	15	Мемлекеттік экзамен	
					Практика, Семинарлар	Тансыкова Айгүл Бериковна	30		
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Тансыкова Айгүл Бериковна	15		
13	ЖК	OT 1200	Оқу-таныстыру	1	Оқу практикасы	Байғазиева Гулнур Алтынбековна	30	Практика бойынша қорытынды	

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

								баға	
14	ЖК	BNSHTAD 1200	Базалық негізгі шет тілі (A2 деңгей)	6	Практика, Семинарлар	Амирова Ляззат Далихановна	60	Емтихан	
					Студент пен оқытушының өздік жұмысы	Амирова Ляззат Далихановна	15		
15	ЖК	PP 1200	Педагогикалық практика	1	Педагогикалық практика	Байгазиева Гулнур Алтынбековна	30	Практика бойынша қорытынды баға	
Кредиттердің жалпы саны				30					
Курс кредиттерінің жалпы саны				60					
Теориялық және тәжірибелік оқытудың жалпы кредиттер саны				60					

Қорытынды аттестаттау

Тіркеуші: Коркомозова А.

\_\_\_\_\_ 24 ж.

Әдвайзер: Байбосынова А.

\_\_\_\_\_ 24 ж.

Білім алушы: Тұрысбек Асылай Қуатбекқызы:

\_\_\_\_\_ 24 ж.

### Оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ)

(Қосымша №3)


#### 6. ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЛАРЫН ӘЗІРЛЕУ ТӘРТІБІ

6.1. ОЖЖ білім беру бағдарламасы университет ректорының шешімімен бекітіледі;

6.2. ОЖЖ білім беру бағдарламасы құрылымының бекітілген негізінде оқу кезеңі бойы әзірленеді;

#### Жоғары білім беру бағдарламасының құрылымы (оқу мерзімі 4 жыл)


№	Пәндер мен циклдердің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1	Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі	1680	56
1)	Міндетті компонент	1530	51
	Қазақстан тарихы	150	5
	Философия	150	5
	Шетел тілі	300	10
	Қазақ (Орыс) тілі	300	10
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	150	5
	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	240	8
	Дене шынықтыру	240	8
2)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті	150	5
2	Базалық және бейіндеуші пәндер циклі	кемінде 5280	кемінде 176

 SHERKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

(БП, БП)		
1) Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2) Кәсіптік практика		
3 Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
1) Таңдау компоненті		
4 Қорытынды аттестаттау	кемінде 240	кемінде 8
Барлығы	кемінде 7200	кемінде 240

### Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының құрылымы (оқу мерзімі 5 жыл)

№	Пәндер мен циклдердің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1	Жалпы білім беретін пәндер (ЖБП) циклі	1680	56
1)	Міндетті компонент	1530	51
	Қазақстан тарихы	150	5
	Философия	150	5
	Шетел тілі	300	10
	Қазақ (Орыс) тілі	300	10
	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	150	5
	Әлеуметтік-саяси білім модулі (әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану, психология)	240	8
	Дене шынықтыру	240	8
2)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті	150	5
2	Базалық және бейіндеуші пәндер циклі (БП, БП)	кемінде 7080	кемінде 236
1)	Жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Кәсіптік практика		
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
1)	Таңдау компоненті		
4	Қорытынды аттестаттау	кемінде 240	кемінде 8
	Барлығы	кемінде 9000	кемінде 300

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

6.3. Кредиттік технология бойынша оқу процесін ұйымдастыру кезінде әрбір оқу пәнінің көлемі академиялық кредиттердің бүтін санымен анықталады. Сонымен қатар, пәннің көлемі кемінде 5 академиялық кредитті құрауы тиіс;

6.4. Әрбір оқу пәні бірегей атаумен белгіленеді, дене шынықтыру мен тілдерден басқа;

6.5. Бір модульдің көлемі университеттің өз қалауы бойынша анықталады және екі немесе одан да көп оқу пәндерін немесе бір немесе бірнеше пәндер мен басқа оқу жұмыстарының түрлерін біріктіруі мүмкін;

6.6. Кәсіби практикалар, қорытынды аттестаттау, магистрлік/докторлық диссертациялар (жобалар) білім беру бағдарламасының тиісті модульдеріне енгізіледі. Әрбір кәсіби практика түрі әртүрлі модульдерге жатқызылады.

## **7. ОҚУ НӘТИЖЕЛЕРІНЕ БАҒДАРЛАНА ОТЫРЫП ЖОҒАРЫ БІЛІМ БЕРУ МАЗМҰНЫНА ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР**

7.1. Жоғары білім беру бағдарламасының құрылымы үш цикл пәнінен тұрады – жалпы білім беретін пәндер (бұдан әрі – ЖБП), базалық пәндер (бұдан әрі – БП) және бейіндеуші пәндер және осы және білім беру бағдарламаларының құрылымдарында жоғарыда қосымшаларда келтірілген.

ЖБП циклі міндетті компонент (бұдан әрі – МК), жоғары оқу орны компоненті (бұдан әрі – ЖК) және (немесе) таңдау компоненті (бұдан әрі – ТК) пәндерін қамтиды. БП және бейіндеуші пәндер циклдері ЖК және ТК пәндерін қамтиды.

7.2. Университет мазмұны ҮОБ-мен айқындалатын ЖБП циклінің тізбесіндегі міндетті компонент пәндерінің көлемін қысқартпайды. Техникалық және кәсіптік, орта білімнен кейінгі немесе жоғары білім базасында жеделдетілген оқу мерзімімен қысқартылған білім беру бағдарламалары ерекшелік болып табылады. Осы қысқартылған кредиттер қайта есептеу хаттамасымен ресімделеді.

7.3. ЖК және ТК пәндерін университетпен дербес айқындайды және еңбек нарығының қажеттілігін, жұмыс берушілердің күтуін және білім алушылардың жеке мүдделерін ескереді.


7.4. ЖБП циклінің көлемі 56 академиялық кредитті құрайды. Олардың 51 академиялық кредиті міндетті компонент пәндеріне тиесілі: Қазақстан тарихы, Философия, Қазақ (орыс) тілі, Шетел тілі, Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар, Дене шынықтыру, Әлеуметтік-саяси білім модулі (саясаттану, әлеуметтану, мәдениеттану, психология).

7.5. Бұл ретте бакалавриат деңгейіндегі барлық білім беру бағдарламалары және (немесе) кадрлар даярлау бағыттары бойынша университеттің білім алушылары "Қазақстан тарихы" пәнінен оны оқып аяқтағаннан кейін сол академиялық кезеңде мемлекеттік емтихан тапсырады.

7.6. ЖБП цикліндегі міндетті компонент пәндері:

1) ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру негізінде бәсекеге қабілетті болашақ маманның дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдарын қалыптастыруға, мемлекеттік, орыс және шет тілдерінде коммуникация бағдарламаларын құруға, салауатты өмір салтына бағдарлауға, өзін-өзі жетілдіруге және кәсіби табысқа бағдарланған;

2) дүниетанымдық, азаматтық және адамгершілік ұстанымдардың қалыптасуы негізінде болашақ маман тұлғасының әлеуметтік-мәдени дамуын қамтамасыз ететін негізгі құзыреттілік жүйесін құрайды;

 SHERKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

3) қазақ, орыс және шет тілдерінде тұлғааралық әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынас жасау қабілеттерін дамытады;

4) өз өмірі мен қызметіндегі барлық салаларда заманауи ақпараттық-коммуникациялық технологияларды меңгеру және пайдалану арқылы цифрлық сауаттылықты дамытуға ықпал етеді;

5) өзін-өзі дамыту және өмір бойы білімін жетілдіру дағдыларын қалыптастырады;

6) қазіргі әлемде ұтқырлыққа, сыни ойлау мен физикалық өзін-өзі жетілдіруге қабілетті тұлғаны қалыптастырады.

ЖЖОКБҰ мемлекеттік бақылаудан өту кезеңінде білім алушылар ЖБП циклінің міндетті компонентінің пәндері бойынша білім алушылардың біліміне срез қорытындысы бойынша қол жеткізген оқу нәтижелерін растайды.

7.7. ЖБП циклінің міндетті пәндерін оқып бітіргеннен кейін білім алушы:

1) ғылыми және философиялық таным әдістерімен табиғи және әлеуметтік әлемді ғылыми ұғыну мен зерделеуді қамтамасыз ететін философия негіздерін білумен қалыптасқан дүниетанымдық ұстанымдар негізінде қоршаған болмысты бағалайды;

2) мифологиялық, діни және ғылыми дүниетанымның мазмұны мен өзіндік ерекшеліктерін түсіндіреді;

3) әлеуметтік және өндірістік салаларда болып жатқан барлық жағдайларға өз бағасын береді;

4) Қазақстанның тарихи дамуының негізгі кезеңдерін, заңдылықтарын және өзіндік ерекшелігін терең түсіну және ғылыми талдау негізінде азаматтық ұстанымын танытады;

5) Қазақстан тарихы оқиғаларының себептері мен салдарларын талдау үшін тарихи сипаттаудың әдістері мен тәсілдерін пайдаланады;

6) әлеуметтану, саясаттану, мәдениеттану және психологияның негізгі білімін ескере отырып, тұлғааралық, әлеуметтік және кәсіби қарым-қатынастың әртүрлі салаларындағы жағдайларды бағалайды;

7) интегративті процестердің заманауи өнімі ретінде осы ғылымдардың білімін синтездейді;

8) нақты ғылымды, сондай-ақ бүкіл әлеуметтік-саяси кластерді зерттеудің ғылыми әдістері мен тәсілдерін қолданады;

9) өзінің адамгершілік және азаматтық ұстанымын дамытады;

10) қазақстандық қоғамның қоғамдық, іскерлік, мәдени, құқықтық және әдеп нормаларымен жұмыс істейді;

11) жеке және кәсіби бәсекеге қабілеттілігін көрсетеді;

12) әлемде танылған қоғамдық-гуманитарлық ғылымдар саласындағы білімді практикада қолданады;

13) әдіснама мен талдауды таңдауды жүзеге асырады;


14) зерттеу нәтижелерін қорытындылайды;

15) жаңа білімді синтездейді және оны гуманитарлық қоғамдық маңызы бар өнім түрінде ұсынады;

16) тұлғааралық, мәдениетаралық және өндірістік (кәсіптік) қарым-қатынас міндеттерін шешу үшін қазақ, орыс және шет тілдерінде ауызша және жазбаша нысанда коммуникацияға түседі;

17) грамматикалық білім жүйесі негізінде тілдік және сөйлеу құралдарын пайдалануды жүзеге асыру; қарым-қатынас жағдайына сәйкес ақпаратты талдау;

18) коммуникацияға қатысушылардың іс-әрекеттері мен іс-әрекеттерін бағалайды;

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

19) жеке қызметінде ақпараттық-коммуникациялық технологиялардың әртүрлі түрлерін: интернет-ресурстарды, ақпаратты іздеу, сақтау, өңдеу, қорғау және тарату жөніндегі бұлтты және мобильді сервистерді пайдаланады;

20) өзін-өзі дамыту және мансаптық өсу үшін өмір бойы жеке білім беру траекториясын құру, дене шынықтыру әдістері мен құралдары арқылы толыққанды әлеуметтік және кәсіптік қызметті қамтамасыз ету үшін салауатты өмір салтына бағдарланады;

21) Қазақстан тарихының негізгі заңдылықтарын, философиялық, әлеуметтік-саяси, экономикалық және құқықтық білім негіздерін, қазақ, орыс және шет тілдеріндегі ауызша және жазбаша нысандағы коммуникацияларды біледі және түсінеді;

22) игерілген білімді өзгеріп жатқан әлеуметтік-мәдени жағдайларда тиімді әлеуметтендіру және бейімдеу үшін қолданады;

23) әлеуметтік құбылыстарды, процестер мен проблемаларды сандық және сапалық талдау дағдыларын меңгереді.

7.8. ЖБП циклінің ЖК және (немесе) ТК пәндері кемінде 5 академиялық кредитті құрайды.

ЖЖОКБҰ ЖББ циклінің пәндері бойынша және білім алушылардың экономика және құқық, кәсіпкерлік және қаржылық сауаттылық саласындағы құзыреттерін қалыптастыруға бағытталған пәнаралық оқу бағдарламаларын әзірлейді.

7.9. БП және бейіндеуші пәндер циклі оқу пәндерін, кәсіби практикалардың түрлерін оқуды қамтиды және кемінде 176 академиялық кредитті құрайды.

7.10. Білім алушылар жеке оқу жоспарын қалыптастыру кезінде жоғары оқу орны компоненті және (немесе) таңдау компоненті аясында негізгі (Major) білім беру бағдарламасы пәндерін және (немесе) қосымша (Minor) білім беру бағдарламасы пәндерін таңдай алады.

7.11. Қорытынды аттестаттау жоғары білімнің білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде кемінде 8 академиялық кредитті құрайды.

7.12. Оқытудың қосымша түрлері әскери даярлықты және студент дербес айқындайтын оқу қызметінің басқа да түрлерін қамтиды.

7.13. Үштілді білім беру бағдарламасын енгізу жағдайында білім беру қызметін үш тілде жоспарлау және ұйымдастыру жүзеге асырылады: оқыту тілі, екінші және ағылшын тілдерінде.


Университет оқыту тілі, екінші және ағылшын тілдерінде оқытылатын пәндердің пайыздық қатынасын өздігінен анықтайды.

7.14. Дуальды оқу жүйесінің элементтерін енгізу кезінде білім беру қызметін теоретикалық оқытуды өндірістік дайындықпен үйлестіру негізінде жоспарлау және ұйымдастыру жүзеге асырылады. Осыған орай, пәннің оқу материалының кемінде 30%-ын өндірісте (технологиялық процесс, шығармашылық қызмет процесі, қаржылық-экономикалық процестер, психолого-педагогикалық процесс) тікелей меңгеру қажет.

7.15. Университет МЖМБС және кәсіптік стандарттар (бар болса) талаптарына сәйкес жоғары білімнің білім беру бағдарламаларын дербес әзірлейді.

Білім беру бағдарламаларын әзірлеумен академиялық комитеттер айналысады, оларды ректордың бұйрығымен құруға болады, құрамында академиялық персоналдың жұмыс берушілердің және білім алушылардың өкілдері болады.

7.16. Білім беру бағдарламаларының негізінде оқу жоспарлары (жұмыс оқу жоспарлары, студенттердің жеке оқу жоспарлары) қалыптастырылады және оқу пәндері бойынша жұмыс оқу бағдарламалары (силлабустар) әзірленеді.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖКЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

Білім алушылар білім беру бағдарламасы бойынша оқыту нәтижелеріне қол жеткізуге бағытталған оқыту траекториясын дербес айқындайды

7.17. Жоғары білімі бар кадрларды даярлау жалпы орта білімнің, техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ екінші жоғары білім алған кезде жоғары білімнің жалпы білім беру оқу бағдарламалары базасында жүзеге асырылады.

Техникалық және кәсіптік білімнің, орта білімнен кейінгі білімнің, сондай-ақ жоғары білімнің білім беру бағдарламаларының базасында оқуға түсу кезінде екінші жоғары білімді алу барысында жоғары білімнің білім беру бағдарламасы бейінінің жоғары, техникалық және кәсіптік білімнің немесе орта білімнен кейінгі білімнің білім беру бағдарламасымен сәйкес және (немесе) мәнделс келген жағдайда, формальды білім берудің алдыңғы деңгейінің оқыту нәтижелері автоматты түрде танылады, меңгерілген академиялық кредиттер саны мен оқу мерзімі қысқартылады.

Оқыту нәтижелері пререквизиттер ретінде сәйкес келген кезде формальды білім берудің алдыңғы деңгейінің жекелеген пәндері, сондай-ақ тиісті деңгейдегі формальды емес білім берудің оқыту нәтижелері қайта оқылады.

7.18. Магистранттардың дайындық деңгейіне қойылатын талаптар

1. Магистратура бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемшарты білім алушылардың:

1) ғылыми-педагогикалық магистратурада магистранттың оқу және ғылыми қызметінің барлық түрін қоса алғанда, оқудың барлық кезеңінде кемінде 120 академиялық кредитті;

2) бейінді магистратурада кемінде 60 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 35 академиялық кредитті құрайды. Олардың 20 академиялық кредиті ЖК-ға тиесілі.

Бейінді бағыттағы магистратурада БП циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінен кемінде 10 академиялық кредитті құрайды. Оның ішінде ЖК пәндерінің көлемі 6 академиялық кредитті құрайды.

Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемінде 53 академиялық кредитті құрайды.

Бейінді бағыттағы магистратурада бейіндеуші пәндер циклінің көлемі университеттің қалауы бойынша ЖК мен ТК арасында бөлінетін магистратураның білім беру бағдарламасының жалпы көлемі кемінде 29 академиялық кредитті құрайды.


Пәндер мен модульдердің бағдарламалары, әдеттегідей, бірқатар білім салалары үшін кадрлар даярлауды қамтамасыз ететін пәнаралық және мультипәндік сипатқа ие.

Тиісті бағыттар бойынша магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы осы стандартқа 1, 3, 5 және 6-қосымшаларға сәйкес айқындалады.

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына  
1-қосымша

**Ғылыми-педагогикалық бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы**

р/с	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы
-----	---	-------------------------


	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

№		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	2640	88
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	1050	35
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК):	600	20
	оның ішінде ғылым тарихы мен философиясы, кәсіптік шет тілін меңгеру, психологиялық- педагогикалық цикл саласында құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейтін, оқыту әдістемесі мен әдістерін және оқыту технологиясын қамтитын пәндер		
	Педагогикалық практика		
2)	Таңдау компоненті (ТК)	450	15
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі (БП)	1590	53
1)	Жоғары оқу орны және (немесе) таңдау компоненті		
2)	Зерттеу практикасы		
2	Магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	720	24
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік диссертацияны орындауды қамтитын магистранттың ғылыми-зерттеу жұмысы	720	24
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)		
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	кемінде 240	кемінде 8
1)	Магистрлік диссертацияны ресімдеу және қорғау (МДРК)	240	8
	Барлығы	кемінде 3600	кемінде 120

Жоғары оқу орнынан  
кейінгі білім берудің  
мемлекеттік жалпыға  
міндетті стандартына


### 3-қосымша Бейіндік бағыттағы магистратураның білім беру бағдарламасының құрылымы

р/с№	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы			
		1 жылдық типтік оқу мерзімімен		1,5 жылдық типтік оқу мерзімімен	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша	академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

1	2	3	4	5	6
1.	Теориялық оқыту	кемінде 1170	кемінде 39	1920	64
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	кемінде 300	кемінде 10	450	15
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)	180	6	180	6
	оның ішінде кәсіптік шет тілін меңгеру саласындағы құзыреттерді қалыптастыруды, басқарушылық құзыреттер мен басшылық дағдыларын көздейтін пәндер				
2)	Таңдау компоненті (ТК)	кемінде 120	кемінде 4	270	9
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі	кемінде 870	кемінде 29	1470	49
1)	Жоғары оқу орны және таңдау компоненті (ЖК)				
2)	Өндірістік практика				
2	Магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы (МЭЗЖ)	кемінде 390	кемінде 13	540	18
1)	Тағылымдамадан өту мен магистрлік жобаны орындауды қамтитын магистранттың эксперименттік-зерттеу жұмысы	кемінде 390	кемінде 13	540	18
3	Оқытудың қосымша түрлері (ОҚТ)				
4	Қорытынды аттестаттау (ҚА)	кемінде 240	кемінде 8	кемінде 240	кемінде 8
1)	Магистрлік жобаны ресімдеу және қорғау (МЖРК)	кемінде 240	кемінде 8	кемінде 240	кемінде 8
	Барлығы	кемінде 1800	кемінде 60	кемінде 2700	кемінде 90 Жүктеу

Жоғары оқу орнынан кейінгі білім берудің мемлекеттік

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

жалпыға міндетті стандартына  
5-қосымша


### Бейіндік магистратураны бітірген тұлғалар үшін педагогикалық бейіндегі білім беру бағдарламасының құрылымы

p/c №	Пәндер циклдерінің және қызмет түрлерінің атауы	Жалпы еңбек сыйымдылығы	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	2	3	4
1.	Теориялық оқыту	900	30
1.1	Базалық пәндер (БП) циклі	600	20
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК): оның ішінде ғылым тарихы мен философиясы, психологиялық-педагогикалық цикл саласында құзыреттіліктерді қалыптастыруды көздейтін, оқыту әдістемесі мен әдістерін және оқыту технологиясын қамтитын пәндер		
	Педагогикалық практика		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
1.2	Бейіндеуші пәндер циклі (БП)	300	10
1)	Жоғары оқу орны компоненті (ЖК)		
2)	Таңдау компоненті (ТК)		
	Барлығы	кемінде 900	кемінде 30

Жоғары оқу орнынан кейінгі  
білім берудің мемлекеттік  
жалпыға міндетті стандартына

### 6-қосымша МВА және EMBA білім беру бағдарламасының құрылымы

p/c №	Блоктар мен пәндердің атауы	Жалпы сыйымдылығы			
		МВА		EMBA	
		академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша	академиялық сағат бойынша	академиялық кредит бойынша
1	Кәсіби құзыреттілікті қалыптастыру бойынша пәндер блогы	1740	58	600	20
1)	Жоғары оқу орны компоненті:	180	6	180	6
	Стратегиялық менеджмент	90	3	90	3

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

	Бизнес-зерттеу	90	3	90	3
2)	Таңдау компоненті	1320	44	1320	14
	Оның ішінде көшпелі модуль/тағылымдама				
3)	Өндірістік практика	кемінде 240	кемінде 8		
2	Жеке даму және көшбасшылық қасиеттерді қалыптастыру пәндері блогы	600	20	300	10
1)	Жоғары оқу орны компоненті				
2)	Таңдау компоненті				
3	Эксперименттік-зерттеу жұмысы, магистрлік диссертацияны/жобаны орындау	900	30	540	18
4	Қорытынды аттестаттау (магистрлік диссертацияны/жобаны жазу және қорғау)	360	12	360	12
	Барлығы	кемінде 3600	кемінде 120	кемінде 1800	кемінде 60

2. Магистрантты даярлау деңгейіне қойылатын талаптар жоғары білім берудің екінші деңгейдегі (магистратура) Дублин дескрипторлары негізінде айқындалады және қол жеткізілген оқыту нәтижелеріндегі меңгерілген құзыреттерді көрсетеді.

Оқыту нәтижелері барлық магистратураның білім беру бағдарламасының деңгейіндегі сияқты жекелеген модульдер немесе оқу пәндері деңгейінде де тұжырымдалады.

3. Дескрипторлар білім алушының:

1) зерттеу контексінде идеяларды әзірлеу және (немесе) қолдану кезінде оқытылып отырған саланың озық білімдеріне негізделген осы саладағы дамытылатын білімдер мен түсініктерді көрсете білу;


2) жаңа ортада, барынша кең пәнаралық контексте проблемаларды шешу үшін өз білімін, түсінігі мен қабілетін кәсіби деңгейде пайдалана білу;

3) әлеуметтік, этикалық және ғылыми ойларды ескере отырып, пікір қалыптастыру үшін ақпарат жинауды және түсінік беруді жүзеге асыру;

4) мамандарға, сондай-ақ маман еместерге ақпаратты, идеяны, қорытындыларды, проблемаларды және шешімдерді нақты және тиянақты түрде хабарлау;

5) зерделеніп отырған салада одан әрі оқуды өз бетінше жалғастыру үшін қажетті оқу дағдыларының болу қабілетін сипаттайтын оқыту нәтижелерін көрсетеді.

7.19. Жоғары білімнің білім беру бағдарламасының бейіні оның білім берудің тиісті саласына қатыстылығын, оқу саласының сипаттамасын, даярлау деңгейін, оқу нәтижелерін, кәсіптік қызметтің негізгі түрлерін білдіреді және Жоғары және жоғары оқу

 I T U SHERKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

орнынан кейінгі білімі бар кадрларды даярлау бағыттарының сыныптауышымен сәйкес айқындалады:


7.20 Білім беру салалары мен деңгейлері бойынша берілетін дәрежелердің атауы төмендегі кестеге сәйкес айқындалады:

Жоғары білім берудің мемлекеттік жалпыға міндетті стандартына  
4-қосымша


**Білім беру салалары мен деңгейлеріне сәйкес берілетін дәрежелердің атауы**

р/н	Білім беру саласының атауы	Бакалавриат білім беру бағдарламалары бойынша берілетін дәреже	Магистратура білім беру бағдарламасы бойынша (ғылыми-педагогикалық бағыт/ бейіндік) берілетін дәреже	Философия докторы (PhD) / бейіні бойынша доктор білім беру бағдарламалары бойынша берілетін дәреже
1.	Педагогикалық ғылымдар	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша білім бакалавры	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша педагогика ғылымдарының магистрі/ білім магистрі	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша философия докторы (PhD) /білім докторы
2.	Өнер және гуманитарлық ғылымдар	1. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша өнер бакалавры/ 2. "Білім беру бағдарламасының атауы және код" білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық білім бакалавры 3. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша тіл білімі бакалавры	1. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша өнертану ғылымдарының магистрі/ өнер магистрі 2. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша гуманитарлық ғылымдар магистрі/ гуманитарлық білім магистрі 3. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша филология ғылымдары магистрі/ тіл білімі магистрі	1. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы/Өнер докторы 2. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы 3. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD

3.	Әлеуметтік ғылымдар, журналистика және ақпарат	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік білім бакалавры	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша әлеуметтік ғылымдар магистрі/әлеуметтік білім магистрі	философия докторы  "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
4.	Бизнес, басқару және құқық	1. "білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша экономика бакалавры немесе бизнес және басқару бакалавры 2. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша құқық бакалавры	1. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша экономика ғылымдары магистрі/ бизнес және басқару магистрі немесе MBA 2. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша заң ғылымдарының магистрі/құқық магистрі	1. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы/ докторы немесе "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша DBA 2. "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы/құқық докторы
5.	Жаратылыстану ғылымдары, математика және статистика	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану бакалавры/ "Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ядролық физика маманы	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша жаратылыстану ғылымдарының магистрі/жаратылыстану магистрі	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы/ индустриялық докторы

 <b>ITU</b> SHERIKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҰК НҰ 6-2023

6.	Ақпараттық-коммуникациялық технологиялар	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ақпараттық-коммуникациялық технологиялар саласының бакалавры	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі/техника және технология магистрі	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы/индустриялық докторы
7.	Инженерлік, өңдеу және құрылыс салалары	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша техника және технология бакалавры	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша техника ғылымдарының магистрі/техника және технология магистрі	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы/индустриялық докторы
8.	Ауыл шауашылығы және биоресурстар	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы бакалавры	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ауыл шаруашылығы ғылымдарының магистрі/ауыл шаруашылығы магистрі	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
9.	Ветеринария	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ветеринария маманы	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша жоғары ветеринария ғылымдарының магистрі/ветеринария магистрі	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
10.	Денсаулық сақтау	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша денсаулық сақтау бакалавры	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша медицина ғылымдарының магистрі/денсаулық сақтау магистрі	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы/медицина докторы

 SHEKHAN MURTAZA UNIVERSITY	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҰҚ НҰ 6-2023

11.	Қызмет көрсету	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша қызмет көрсету саласының бакалавры	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ғылым магистрі/ қызмет көрсету саласының магистрі	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы
12.	Ұлттық қауіпсіздік және әскери іс	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс бакалавры	"Білім беру бағдарламасының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша ұлттық қауіпсіздік және әскери іс магистрі	"Білім беру бағдарламаларының коды және атауы" білім беру бағдарламасы бойынша PhD философия докторы/әскери ісі және ұлттық қауіпсіздік докторы Жүктеу

## 8. СТУДЕНТТЕРДІҢ ОҚУ ЖҮКТЕМЕСІНІҢ ЕҢ ЖОҒАРЫ КӨЛЕМІНЕ ҚОЙЫЛАТЫН ТАЛАПТАР

8.1. Оқу жүктемесі студенттің оқу пәнін, модульді немесе бүкіл жоғары білім беру бағдарламасын зерделеуіне кететін және оның оқу нәтижелеріне қол жеткізу үшін қажет болатын уақытпен өлшенеді.

8.2. Оқу жүктемесі студенттің барлық оқу әрекетін қамтиды – дәрістер, семинарлар, курстық жұмыстар (жобалар), практикалық және зертханалық жұмыстар, студиядағы жұмыстар, өндірістегі практика (дуальды оқыту кезінде), кәсіптік практика, дипломдық жұмыс (жоба), өзіндік жұмыс, оның ішінде оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін жұмыс.


8.3. Студенттің оқу жүктемесін айқындау кезінде оқу жылы нысандарын жоғары және (немесе) университет дербес айқындайтын академиялық кезеңдерден (семестр – 15 аптадан кем емес, триместр – 10 аптадан кем емес, тоқсан – 7-8 аптадан кем емес) аралық аттестаттау, практика, каникул кезеңдерінен, қорытынды аттесттау кезеңінен (бітіруші курста) тұратынын ескеру қажет.

8.4. Бір оқу жылының толық оқу жүктемесі кемінде 60 академиялық кредитті немесе 1800 академиялық сағатты құрайды.

8.5. Бір академиялық кредит 30 академиялық сағатқа сәйкес келеді.

8.6. Студенттің семестр бойы академиялық кредиттер санын азайтуы немесе көбейтуі мүмкін. Белгілі бір студенттік топтар үшін, оқу формасы мен технологияларына байланысты, оқу нәтижелерін жеткен уақытты университет өз бетінше есептейді.

8.7. Білім алушылардың қосымша білім алуға, академиялық қарыздарын немесе оқу жоспарларындағы айырмашылықтарын жоюға, басқа білім беру ұйымдарындағы оқу пәндерін оқуға және кредиттерді меңгеруге, өзі оқитын жоғары және (немесе) жоғары оқу орнынан кейінгі білім беру ұйымында міндетті түрде қайта сынақ тапсыруға, орташа

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

үлгерім балын көтеруге (GPA), аралас немесе қосымша білім беру бағдарламасын, оның ішінде екі дипломдық білім беру шеңберіндегі білім беру бағдарламасын игеруге деген қажеттіліктерін қанағаттандыру үшін ұзақтығы кемінде 6 апта жазғы семестрді енгізуге рұқсат етіледі (бітіруші курсты қоспағанда).

8.8. Оқу жұмысы көлемін жоспарлаған кезде бір академиялық кредит оның барлық түрлері үшін 30 академиялық сағатқа тең болатыны негізге алынады. Оқу жұмысының барлық түрлері бойынша бір академиялық сағат 50 минутқа тең.

8.9. Оқытудың кредиттік технологиясында білім алушының өзіндік жұмысы екі бөлімге бөлінеді: оқытушының жетекшілігімен жүргізілетін өзіндік жұмысқа (ОБӨЖ) және толық өзі орындайтын жұмыс (ОБӨЖ - БӨЖ).

8.10. Білім алушының оқытушымен байланыс жұмысының арасындағы уақыт арақатынасын және оқу қызметінің барлық түрлері бойынша БӨЖ-ні ЖЖОКБҮ дербес анықтайды. Бұл ретте аудиториялық жұмыс көлемі әр пән көлемінің кемінде отыз пайызын құрайды.

Қашықтан оқытуды қолдана отырып пәндерді оқу кезінде жаппай ашық онлайн курстарды қолдану арқылы игеру көзделетін пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің жиырма пайыздан аспайтын көлемінде қашықтан оқытуға ауыстыру көзделеді.

Онлайн-оқыту кезінде синхронды сабақтардың арақатынасы, жаппай ашық онлайн курстарды қолдану арқылы игеру көзделген пәндерді қоспағанда, әрбір пәннің жалпы көлемінің кемінде жиырма пайызын құрайды.


8.11. Теориялық оқыту мен аралық аттестаттауды жоспарлау бірыңғай кредиттер көлемімен жүзеге асырылады, яғни әр пән бойынша кредиттердің жалпы саны оны оқытудан, сондай-ақ осы пән бойынша дайындықтан және аралық аттестаттау нысанынан өтуден құралады.

8.12. Профессор-оқытушылар құрамының педагогикалық жүктемесін жоспарлау академиялық сағаттармен және (немесе) кредиттермен жүзеге асырылады. Бұл ретте, аудиториялық сабақтардағы педагогикалық жүктеме 1 академиялық сағат 50 минутқа тең деген нормаға сәйкес есептеледі. Оқу жұмысының басқа түрлері бойынша педагогикалық жүктеме университетпен дербес белгілеген норма негізінде есептеледі.

8.13. Бакалавриат бағдарламалары бойынша оқудың аяқталуының негізгі өлшемі студенттің оқу қызметінің барлық түрлерін қоса алғанда, білім алушылардың барлық оқу кезеңінде кемінде 240 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

"Ветеринария" бағыты бойынша кадрларды даярлау ерекшелігіне сәйкес кәсіптік білімге бағдарланған жоғары білім беру бағдарламаларын оқытуды аяқтаудың, сондай-ақ екі сабақтас мектеп пәні бойынша педагогтерді даярлаудың негізгі өлшемшарттары білім алушылардың кемінде 300 академиялық кредитті игеруі болып табылады.

8.14. Техникалық және кәсіптік білім беру бағдарламасының немесе орта білімнен кейінгі білім беру бағдарламасының немесе жоғары білім беру бағдарламасының базасында, жоғары білім беруді оқытудың қысқартылған мерзімдері бар білім беру бағдарламалары бойынша немесе жалпы орта білім беру бағдарламасының базасында оқуға түскен білім алушыларға академиялық кредиттердің саны және жоғары білімнің білім беру бағдарламасының қажетті көлемі, формальды және формальды емес білім беруді оқытудың бұрын қол жеткізілген нәтижелерін тануды ескере отырып "Формальды емес білім беру арқылы алынған оқыту нәтижелерін, сондай-ақ кәсіптік біліктілікті тану нәтижелерін тану қағидаларын бекіту туралы" Қазақстан Республикасы Ғылым және жоғары білім министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 544 және Қазақстан Республикасы Оқу-ағарту министрінің 2023 жылғы 24 қазандағы № 322 бірлескен бұйрығына

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

(Нормативтік құқықтық актілердің мемлекеттік тізілімінде № 33580 болып тіркелген) сәйкес, ЖЖОКБҰ-мен дербес айқындалады.

8.15. Бакалавриатта оқу мерзімі игерілген академиялық кредиттердің көлемімен айқындалады. Академиялық кредиттердің белгіленген көлемін игеру және бакалавр дәрежесін алу үшін күтілетін оқу нәтижелеріне қол жеткізу кезінде жоғары білімнің білім беру бағдарламасы толық аяқталған болып табылады.

## 9. ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫНЫҢ ҚҰРЫЛЫМЫ

9.1 Оқу жұмыс жоспары 3 бөлімнен тұрады:

1. Титулдық бет, жұмыс уақытының бюджеті көрсетілген.
2. Негізгі бөлім, пәндердің циклдер бойынша (ЖБП, БП, БеП), модульдерге, семестрлерге, оқу жұмыстарының түрлеріне және бақылау формаларына бөлінуін қамтитын.
3. Қорытынды бөлім, әзірлеу мен бекіту негізін қамтитын.

## 10. ОҚУ ЖҰМЫС ЖОСПАРЫН ӘЗІРЛЕУ ЖӘНЕ БЕКІТУ ПРОЦЕДУРАСЫ

10.1. Оқу бағдарламаларын жоспарлау және еңбек нарығының қажеттіліктеріне сәйкес жетілдіру мақсатында университетте сапаны қамтамасыз ету комиссиялары құрылды.

10.2. Сапаны қамтамасыз ету комиссиялары оқу бағдарламаларын жетілдірудің басым бағыттарын, оқу жұмыс жоспарларының құрылымын, университеттік компонент пәндерінің тізімін және көлемін анықтайды.

10.3. Оқу бағдарламасын әзірлеуге элективті пәндер каталогын құру және оқу бағдарламасын бекіту алдында міндетті түрде сәйкес жұмыс берушілермен келісу жүргізіледі.

10.4. Оқу бағдарламасын келісуді келісім парағымен (Қосымша № 4) немесе жұмыс берушінің ұсыныс парағымен рәсімдеуге болады.

10.5. Әр жылы кафедраларда ЭПК және БББ пәндері өткен оқу жылының пәндер каталогын ұсынар алдында өзектендіріледі және бекітіледі.


10.6. Ақпан айында 2, 3, 4 курс білім алушылар үшін оқу бағдарламаларының ЭПК таныстыру жүргізіледі.

10.7. Наурыз-сәуір айларында жоғары оқу орын компоненті мен таңдау компонентіне пәндерге тіркеу жүргізіледі.



10.8. Білім алушылар жоғары оқу орын компоненті мен таңдау компоненті пәндеріне тіркелуіне негізделіп, жеке оқу жоспары (ИУП) және академиялық ағымдар қалыптастырылады.


10.9. Сәуір-мамыр айларында ЖОЖ негізінде келесі оқу жылына оқу жұмыс жоспары (ОЖЖ) құрылады.

10.10. Мамыр-маусым айларында келесі оқу жылына оқу жұмыс жоспары бекітіледі.

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023


### 11. КЕЛІСУ ПАРАҒЫ

Қызметі	Аты-жөні	Қолы	Күні
Академиялық жұмыстар жөніндегі проректор	А.С. Кадырова		08.09.2025
Сапа, аккредиттеу және рейтинг басқармасының басшысы	Б.К. Жундибаева	Б.Бото' 	08.09.2025

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

## 12. ТАНЫСУ ПАРАҒЫ

№ п/п	Лауазымы	Т.А.Ә.	Күні	Қолы
1	2	3	4	5
1.				
2.				
3.				
4.				
5.				
6.				
7.				
8.				
9.				
10.				
11.				
12.				
13.				
14.				
15.				
16.				
17.				
18.				
19.				
20.				
21.				
22.				
23.				
24.				
25.				
26.				
27.				
28.				
29.				
30.				
31.				
32.				
33.				
34.				
35.				
36.				
37.				
38.				
39.				
40.				

	Шерхан Мұртаза атындағы халықаралық Тараз университеті	СМЖЕ 3-2-5
	Академиялық саясат басқармасы Оқу жұмыс жоспарлары жөніндегі нұсқаулық	СМЖ «Оқу әдістемелік үрдіс» ҮК НҮ 6-2023

### 13. ӨЗГЕРІСТЕРДІ ТІРКЕУ ПАРАҒЫ

№	Бөлім №	Парақтың №	Енгізу күні	Негіздеме	Өзгерту	Қолы
1	2	3	4	5	6	7
1.						
2.						
3.						
4.						
5.						
6.						
7.						
8.						
9.						
10.						
11.						
12.						
13.						
14.						
15.						
16.						
17.						
18.						
19.						
20.						
21.						
22.						
23.						
24.						
25.						
26.						
27.						
28.						
29.						
30.						
31.						
32.						
33.						
34.						
35.						
36.						
37.						
38.						
39.						
40.						
41.						